

There are no translations available.



**Сисенбай Нұрлыбай Кошаманұлы** – 1958 жылы 31 кантарда (қвжат бойынша 1 ақпан) Ақтобе облысы, Байганин ауданы, «Сағыз» совхозында (Ногайты ауылы) дүниеге келген. 1975 жылы «Сағыз» орта мектебін үздік бітірді. Мектептен соң еңбек жолын 1975-1977 жылдар аралығында Батыс Қазақстан теміржолына қарасты, Швбарқудық станциясы, ШЧ-38 теміржол байланыс мекемесінде «электромонтёр» болып жұмыс жасаудан бастады.

1977 жылы Ақтобе Мемлекеттік Медицина Институтына оқуға түсіп, аталмыш оқу орнын «балалар дәрігері» мамандығы бойынша 1983 жылы бітіріп шықты. Институтта «Білім қоғамының» мүшесі болды. 1983-1985 жылдар аралығында Орал қалалық №3 емханасында және Чапаев аудандық ауруханасында, 1985-1990 жылдары қалалық жедел-жәрдем емханасында, 1990-1991 жж. қалалық №1 емханасында, 1991-1999 жылдары Орал қалалық жвқпалы аурулар ауруханасында дәрігер-педиатр болып жұмыс жасады. Бірнеше мәрте 1986 жылы Алматы қаласында «Неонотология», 1991 жылы Орынбор қаласында «Педиатриядағы жедел жәрдем», 2013 жылы М.Оспанов атындағы БКММУ-ті жанынан «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері» тақырыбына және 2015 жылы «Денсаулық сақтау менеджменті» циклы бойынша дәрігерлік білім жетілдіру курстарынан өткен.

1986 жылғы Алматыдағы «Желтоқсан» ұлт-азаттық қозғалысының қуәгері. 1988 жылдан бастап қоғам-саяси жұмыстарға белсене араласа бастайды. 1989 жылдан Орал

облыстық «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшесі, 1990 жылдан Орал қалалық «Қазақ тілі» қоғамы торағасының орынбасары. Орал қаласынан қазақ бала-бақшалары мен қазақ мектебін аштыруға араласты. Тәуелсіздік тұсында, 1990 жылы қыркүйек айында Орал облысында «Үлт-азаттық «Алаш» қозғалысы партиясын» құрушылардың және 1991 жылы (мамыр) Орал қаласында құрылған «Азат» азаматтық қозғалысының алғашқы бастауыш ұйымын құрушылардың бірі болды. 1991 жылдан Орал облыстық «Азат» азаматтық қозғалысының үйлестіру кеңесінің, кейіннен басқарма мүшесі. 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігі жолында Орал облысынан автономия жариялап, ақ патшаға қызмет еткеніне 400 жыл» атты әскери құрылтайын өткізіп, сол құрылтай барысында жерді Ресейге қосуды ресми түрде жарияламақ болған сепараттық пиғылдағы орыс-қазақтарының арандату әрекеттеріне қарсы болған «Бүкілқазақстандық наразылық акциясын» ұйымдастырушылардың бірі. 1992 жылдан 1994 жылға дейін Орал облыстық «Азат» қозғалысының төтенше торағаларының бірі қызметін атқарды. 1993-1995 жылы «Адай» ШҚ-ның жетекшісі. 1994 жыл – Қазақстанның Республикалық Партиясы (КРП), Батыс Қазақстан облыстық болімшесі торағасының орынбасары. 1994 жылы Орал облыстық саяси ұйымдарының атынан Ақтобе облысы, №25 Мұғаджар сайлау округі бойынша КР-сы Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде сайлауға қатысты. 1999-2001 жыл Орал қаласының РИА «Таза-пресс» агенттігінің Ақтобе облысы бойынша өкілі. 2002 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында Қазақстан мен Озбекстан арасында шекара дауы туындағанда Батыста құрылған «Батыс-Бағыс» штабының жетекшісі болды.

2002-2004 жылдар аралығында «Ақ жол» ҚДП-сының Орталық Кеңесінің мүшесі. Ақтобе облыстық болімшесінің кеңесі және бюро мүшесі. Осы партияның облыстық болімшесінің бас маманы қызметін атқарды. 2003 жылы демократиялық күштер атынан №17 Байғанин ауданы бойынша Ақтобе облыстық мәслихатына және 2004 жылы «Ақ жол» демпартиясы атынан №13 Мұғалжар сайлау округі бойынша КР-сы Парламентіне депутаттыққа үміткер ретінде сайлауға түсті. 2005 жылдан «Нағыз Ақ жол» демократиялық партиясының Орталық Кеңесінің мүшесі. Қазақстанның «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту» туралы ІСМА жобасы аясындағы «Бірлесу үшін азаматтық қатысу және оның түтқалары туралы», сондай-ақ халықаралық қатынастар жөніндегі халықтық демократиялық институтының «Сайлаушылармен саяси қарым-қатынас жасаудың жолдары» семинарларын төмемдаған.

2005 жылы Алматыда өткен «Республикалық ұлт патриоттары құрылтайының» делегаты және Ақтобе облысы бойынша аталмыш қозғалыстың «жетекшісі» болды. Нұрлыбай 2006 жылы 13-15 желтоқсанда КР-сы тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай Алматыда өткен Халықаралық Конференцияның делегаты.

2006 жылдан Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі. 2007 жылдан «Жалпыұлттық Социал Демократиялық Партиясы» (ЖСДП), Ақтобе облыстық филиалы

көнісінің мүшесі, жетекші маманы. 2008 жылдан бері «Арайлы Ақтобе», «Табын» тәуелсіз, қоғамдық-саяси газетінің шеф редакторы.

2013 жылдан Невада-Семей антиядролық қоғамдық қозғалысының Батыс Қазақстан аймағы бойынша эксперттік комиссиясының мүшесі. 15.12.2014 ж. Халықаралық Невада – Семей антиядролық қозғалысының «Таза табиғатпен ядролық қарусыз қасырға» номинациясы бойынша «Жыл адамы - 2014» марапатына ие болды. Саясаттанушы.

Сонғы жылдары шығармашылық жұмыспен айналысып жүр. «1991-қыркүйек, Орал өкілдері» (2001 жыл), «Азат» азаттық жолында» (2008 жыл) атты тарихи – саяси, деректі кітаптардың және «Ноғайты энциклопедиясы» (2016 жыл) жинағының авторы. Сондай-ақ, Нұрлыбай «Азаттық» (авторы: О.Жәкібаев: «Полиграфсервис» баспасы, I-II-III том, Орал – 2007) және «Үлтым деп соққан жүректер» (авторы: Б.Төлепберген, Д.Қошім: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы ЖШС», Алматы – 2009) кітаптарының басты кейіпкерлерінің бірі. 2016 жылы ҚР «Жер Кодексіне» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды талқылау жөніндегі үш жақты комиссиясының жұмысын ұйымдастыру және халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде көрсеткен азаматтық белсенділігі үшін облыс әкімі Б.Сапарбаевтың «Алғыс Хатымен» және «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» медалімен марапатталды.

Бойындағы қасиеті шенеуніктіктен, мансапқорлықтан, жағымпаздықтан, жалған іс пен сөзден аулақ болу. Үстанатын өсиет сөздері: Абайдың - «Атымды адам қойған сон, қайтып надан болайын», Махамбеттің - «Егеулі найза қолға алмай, ерлердің ісі бітер ме», Бауыржан Момышұлының - «Намыс, адамзаттың алтын туы». Нұрлыбай бүгінде Ақтобе облыстық «Қарттар мен мүгедектер» интернат үйі ММ-сі емханасында дәрігер, болім менгерушісі болып жұмыс жасайды. Бүгінде Ақтобе қаласында тұрады, үйленген, үш баласы бар. Жүбайы Аманшина Әмина Алматы темір жол институтын бітірген инженер маман. Үлкен ұлы Әз-Фараби (т/ж 06.02.1985) жоғарғы білімді, мұнай-газ саласының маманы. Қызы Әйгерім (т/ж 25.09.1987) Транс-Телеком байланыс мекемесінде есепші-экономист. Кіші ұлы Әліби (т/ж 24.03.1989) Ақтобе темір жол колледжінің түлегі. Бейбарыс (т/ж 07.01.2011) және Шамсрахман (т/ж 26.06.2012) есімді немерелері бар.